Шекаралары: Комсомольская көшесі 1/1, 3/1, 3/2, 4/2, 5/1, 5/2, 6, 8, 8/1, 9/1, 10/1, 10/2, 11/1, 11/2, 21; Оңжағалау көшесі 1, 2/1; Сарыарқа көшесі 1/1, 1/2, 3/1, 3/2, 4, 5, 7/1, 7/2, 8/1, 8/2; Солжағалау көшесі 1/1, 1/2, 2, 3/2, 6/1, 6/2, 7/1; Ұлытау көшесі 1/1, 1/2, 2/1, 2/2, 3/1, 2/2, 4/1, 4/2, 5/1, 6/1, 6/2, 7/1, 7/2, 8/1, 8/2, 10/1, 10/2, 12, 12/2, 14/1, 14/2, 16/1, 16/2, 18/1, 18/2, 20/1, 20/2, 21/2, 22/1, 22/2, 26/1, 26/2;Орталық көшесі 1/1, 4/1, 4/2; Мектеп көшесі 4, 5;Қушоқы қыстағы; Қызылшын қыстағы; Алтуайт қыстағы; Байтілеу қыстағы; Тоғызқұдық қыстағы; Дүйсен қыстағы; Есенбек қыстағы; Жамантас қыстағы; Жекешат қыстағы – 1; Жекешат қыстағы – 2; Исалық қыстағы; Көксай қыстағы; Көксу қыстағы; Мақат қыстағы; Малмола қыстағы; Нұрман қыстағы; Орнықбай қыстағы; Оспан қыстағы; Тоғызқұдық қыстағы; Үңгірлі қыстағы; Аралбай қыстағы; Ақтастау қыстағы; Бакалы қыстағы; Домбығұл қыстағы; Шонтық қыстағы; Итауыз қыстағы; Итауыз-2 қыстағы; Көктал қыстағы.

Ұлытау облысы Ұлытау аудандық аумақтық және учаскелік референдум комиссияларының құрамымен орналасқан жерлері туралы хабарлама

«Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 6-бабы 3-тармағына, «2024 жылғы 6 қазанда республикалық референдум өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 2 қыркүйектегі № 636 Жарлығына, «2024 жылғы 6 қазанға тағайындалған республикалық референдумды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы 2024 жылғы 3 қыркүйектегі № 38/42 қаулысына сәйкес Ұлытау облысының Ұлытау ауданының аумақтық референдум комиссияларының құрамдарының және орналасқан жерлері туралы хабарлаймыз.

Ұлытау облысы Ұлытау ауданының аумақтық референдум комиссиясы
Орналасқан жері:Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау селосы, Абай көшесі 23, тел: 8 (71035) 21660

Ахметов Мақсұт Қыздарбекұлы – комиссия төрағасы
Дүйсенбаев Алмат Дүйсебекұлы – комиссия төрағасының орынбасары
Шагирова Сандұғаш Нұрсағиқызы – комиссия хатшысы
Комиссия мүшелері:
Абилова Айна Бейсалқызы
Айтбек Ержан Айтбекұлы
Ауғанова Гүлнар Мәдениетқызы
Базылов Медет Маратұлы

№ 103 Алғабас учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Ұлытау ауданы Алғабас селолық округі Бетбұлақ селосы Берден көшесі - 11, Клуб үйі тел: 8-710-413-40-10-20
Төраға -Бираяков Калижан Кабылбекович

төраға орынбасары – Аширбеков Байғали Еламанович
хатшы – Абенова Айман Гаухаровна
Комиссия мүшелері: Есекенова Тулеукуль Абдугалиевна, Есенбекова Гульжанат Куандыковна

№104 Ақтас учаскелік референдум сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Ұлытау ауданы Актас кенті Амангелді көшесі - 5,

Клуб үйітел: 8-710-595-08-80
Төраға – Жомартова Гульжан Кенесбаевна

Төраға орынбасары – Рахимбекова Гульбану Ондурбековна
хатшы – Нығымет Алия Болатқызы
Комиссия мүшелері: Абдуахитов Айтжан Қайырұлы, Берлибекова Сабира Маратқызы.

№105 Қыпшақбай учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Ұлытау ауданы Актас кентінің Пионер елді мекені №5 Пионер негізгі мектебі, тел: 8710-412-00-50

Төраға – Омарова Нұргүл Амантайқызы

төраға орынбасары - Нұрғалиев Бағдат Жағыпарұлы
хатшы – Тулегенова Есенкуль Алибаевна
Комиссия мүшелері: Есильбаев Шакизада Рашидович, Тоғызбаев Куандык Маратович

№106 Сарлық учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Ұлытау ауданы Амангелді селолық округі Сарлық селосы Аманкелді көшесі 1, Клуб үйі тел :8-710-41-22-1-79
Төраға – Тилеубаев Аян Ергалиевич
төраға орынбасары – Абиқенов Айдос Куанышович
хатшы – Абенова Гүлсары Исатовна
Комиссия мүшелері: Ергалиев Батырлан Баракбаевич, Құрманәлі ГүлімБаршынбекқызы

№107 Борсенгір учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Ұлытау ауданы, Борсенгір селолық округі Борсенгір селосы, Қазақстан көшесі - 7, Клуб үйі, тел: 87103423691
Төраға – Төлеген Қайрат Абдұғалиұлы
Төраға орынбасары – БексейтоваҚурай Берлибековна
Хатшы – Шойбекова Шайзат Кураловна
Комиссия мүшелері: Боханов Серик Амантаевич, Аубакирова Жанат Кадырхановна

№108 Егінді учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері:Ұлытау ауданы, Егінді

Ұлытау облысы Ұлытау аудандық аумақтық және учаскелік референдум комиссияларының құрамымен орналасқан жерлері туралы хабарлама

төраға орынбасары – Баймуратов Бауыржан Бекетаевич
хатшы – Жакенова Айдана Жумабаевна
Комиссия мүшелері: Ерденова Жаннур Айнабековна, Смагулова Асел Умиртаевна.

№111 Өрнек учаскелік референдум комиссиясы
Орналасқан жері: Ұлытау ауданы, Жезді кенті, Сәтбаев көшесі 9, №6 Орта мектеп, тел: 87103421732
Төраға – Смагулова Нуржамал Турсунбековна
төраға орынбасары – Ертисбаева Айдын Есмаганбетовна
хатшы – Хамитова Маржан Токсейтовна
Комиссия мүшелері: Газизова Нурай Курмангазықызы, Алмаганбетова АлмагульАлпысовна.

№112 Абай учаскелік референдум комиссиясы
Орналасқан жері: Ұлытау ауданы, Жезді кенті, Құттыбаев көшесі 4, Жезді кентінің мектеп интернаты тел: 87103421695
Төраға – Өлсейт Гулмира Өлсейтқызы
Төраға орынбасары – Даулетярова Сандугаш Болатовна
хатшы – Баймуратова Меруерт Туралиевна
Комиссия мүшелері: Өлмағанбет Жансая Бекзатқызы, Кордан Гүлназ Корданқызы

№113 Қаракеңгір учаскелік референдумкомиссиясы
Орналасқан жері: Ұлытау ауданы Қаракеңгір селолық округі Бозтұмсық селосы, Орталық көшесі 81, Клуб үйі, тел: 8710-41-24-4-24
Төраға – Курганбаева Гулшат Баяхметовна
төраға орынбасары – Ажахмет Тұрсынбек Махсатұлы
хатшы – Қожабай Жансая Жомартқызы
Комиссия мүшелері: Усенова Гүлжанат Былаловна.Мышанов Ерболат Бакенович

№114 Қарсақбай учаскелік референдум комиссиясы
Орналасқан жері: Ұлытау ауданы Қарсақбай кенті Болман ақын көшесі 74, Мәдениет үйі, тел: 8710-41-23-4-11

Төраға – Ибраева Айткул Тулегеновна.
төраға орынбасары – Телбаев Бекарыз Шарипович
хатшы – Биназарова Сауле Казыбаевна
Комиссия мүшелері:Қазыбай Жандос Ерболұлы, Есенбаев Дархан Абдималикович

№115 Балбырауын учаскелік референдум комиссиясы
Орналасқан жері: Ұлытау ауданы Қарсақбай кенті Сәтбаев көшесі 9, Агротехникалық колледж, тел: 8710-41-23-4-22
Төраға – Шалғынбаев Аслан Сабырбекович
төраға орынбасары – Қордан Досым Аскербекұлы
хатшы – Мүгір Ақжан Жомартқызы
Комиссия мүшесі: Өбілқасым Сералы Елубайұлы, Сәбіғат Айгүл Нұрболатқызы

№116 Қоскөл учаскелік референдум комиссиясы
Орналасқан жері: Ұлытау ауданы Қоскөл селолық округі Қоскөл селосы Сәтбаев көшесі 15, Клуб үйі, тел: 87104131054, 8-777-890-88-23
Төраға – Көбеген Ардақ Иманбекұлы
төраға орынбасары – Түсіпбеков Ербол Сакташұлы
хатшы – Досанова Асыл Каниевна
Комиссия мүшелері: Доскенова Арманай Жамбылқызы, Қожахметов Құлжанбай Ескендірұлы.

№117Құлжанбай учаскелік референдум комиссиясы
Орналасқан жері: Ұлытау ауданы Қоскөл селолық округі Қоскөл ауылы №11 Мектеп., Сәтбаев көшесі – 16. тел: 8-710-413-10-30, 8-777-973- 47-34
Төраға – Рахметов Мешітбай Аниханұлы
төраға орынбасары – Тоқтыбай Есболған Қасқырбекұлы
хатшы – Елубай Айсұлу Елубайқызы
Комиссия мүшесі: Нұрпейіс Нұрлан Нұрпейісұлы, Тұяқов Серікбай Өмірзақұлы.

№118 Мибұлақ учаскелік референдум комиссиясы
Орналасқан жері: Ұлытау ауданы Мибұлақ селолық округі Мибұлақ селосы Жүндібаев көшесі -1,№18 орта мектебі, тел 87104124640
Төраға – Тусенов Берик Мухамеджанович
төраға орынбасары – Булышбаева Гүлжанар Алпысбаевна
хатшы – Жанабаева Салтанат Бирмановна
Комиссия мүшелері: Усенов Бақыт Нурсагатович, Ысмайлов Арман Қонысбекұлы.

№119 Ақкенсе учаскелік референдум комиссиясы
Орналасқан жері: Ұлытау ауданы Мибұлақ селолық округі Мибұлақ ауылы Клуб үйі. Тұрсынбаев көшесі -16. тел 87104124602

Төраға – Құлмурзин Асыл Мухатаевич
төраға орынбасары – Аубакирова Сауле Мурсаловна
хатшы – Уксикбаев Жасулан Шоканович
Комиссия мүшелері: Турманов Салимжан Баубекович, Исаков Манат Алғаринович

№120 Сарысу учаскелік референдум комиссиясы
Орналасқан жері: Ұлытау ауданы Сарысу селолық округі Жыланды селосы Сәтбаев көшесі 8, Мәдениет үйі, тел 87103424274
Төраға – Жаканов Берік Серікұлы
Төраға орынбасары – Султанова Карлыгаш Жумановна
хатшы – Смаилова Балнур Сайлаубаевна
Комиссия мүшелері: Ташенов Медет Абдыманапович, Мусина Сандұғаш Советовна.

№121 Коскудык учаскелік референдум комиссиясы
Орналасқан жері: Ұлытау ауданы, Сарысу селолық округі Сарысу селосы Фельдшерлік пункті Сәтбаева көшесі - 23 тел: 87103423777, 8-777-485-78-95
Төраға - Дадуров Нурболат Ниязханович
Төраға орынбасары - Жандильдинов Сергазы Султангазиевич
хатшы – Асансейтова Мереке Шаймуратовна
Комиссия мүшелері: Ермекбаев Даулет Умирзакович, Шубай Манарбек Кошенович.

№122 Терісаккан учаскелік референдумкомиссиясы
Орналасқан жері: Ұлытау ауданы Терісакқан селолық округі Терісакқан селосы, Ұлытау көшесі –1№9 орта мектеп, тел 8710-413-10-20
Төраға – Ахметалина Мнаура Нуртазаевна
төраға орынбасары –Каримсаков Нурлан Айтанович
хатшы – Махметова Гулдана Яхудаевна
Комиссия мүшелері:Ауесханов Даурен Мукашович, Турганбекова Акнур Турсунбековна

№123 Ұлытау учаскелік референдум комиссиясы
Орналасқан жері: Ұлытау ауданы, Ұлытау селосы, Абай көшесі - 2, Мәдениет үйі, тел: 87103521314
Төраға – Баймаганбетов Серик
төраға орынбасары – Умирбаева Гульжазира Айтжановна.
хатшы – Когамбаева Гаухар Балмаганбетовна

Комиссия мүшелері: Барменова Алтын Манатовна, Тобашев Иран Курманғалиевич.

№124 Тайжан учаскелік референдум комиссиясы
Орналасқан жері: Ұлытау ауданы Ұлытау селосы Бұлқышев көшесі 15, №1 орта мектеп, тел:87103521514
Төраға – Бекмаганбетова Жанагул Жолдыбековна
Төраға орынбасары – Оспан Альмира Максұтқызы
хатшы – Жакенова Гулжан Мухамеджановна
Комиссия мүшелері: Бимырза Ержан Маратұлы, Дюсенбаева Сандугаш Ергазиновна

№125 Қызылүй учаскелік референдум комиссиясы
Орналасқан жері: Ұлытау ауданы Ұлытау селолық округі Ұлытау селосы «Балалар өнер мектебі» Бұлқышев көшесі -17. тел: 8-710-59-50-2-20
Төраға – Бегаев Маргулан Түлеуович
Төраға орынбасары – Андагулов Талгат Кенжебекович
хатшы – Талипова Назгуль Асаналина
Комиссия мүшелері: Бимаганбетова Меруерт Кушекбаевна, Каракойшинова Марал Магауияновна

№126 Айыртау учаскелік референдум комиссиясы
Орналасқан жері: Ұлытау ауданы Ұлытау селосы, Бұлқышев көшесі 17, Оқушылар үйі тел:8-777-480-53-17
Төраға – Байзакова Каракат Абдыкадыровна
Төраға орынбасары – Бегаева Жанар Тұтайовна
хатшы – Сағындыкова Гулнар Алиовна
Комиссия мүшелері: Каленова Асия Каленовна, Ташенов Бекен Нугиметович.

№127 Қорғасын учаскелік референдум комиссиясы
Орналасқан жері: Ұлытау ауданы Шеңбер селолық округі Қорғасын селосы, Мектеп көшесі- 8, №2, орта мектеп, тел:8-710-41-32-040
Төраға – Султанов Қайрат Абишович
Төраға орынбасары –Омаров Аружан Габитович
хатшы – Рахметова Айнаш Қуанбаевна.
Комиссия мүшелері: Болтаев Жумағат Кентаевич, Макашев Рашид Қусаинович.

Сайлаушылармен кездесулер өткізуге арналған орындар (ғимараттар) туралы және Ұлытау ауданы бойынша сайлаушылармен кездесулер кестесінің бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы жөніндегі ақпарат

№	Өңір	Сайлаушылармен кездесулер өткізуге арналған орындар, мекен-жайы	БАҚ		Кездеслер кестесі	Ескерту
			Атауы,номері	Шығаратын күні		
1	Улытауский район	Аудандық мәдениет үйі, Ұлытау с. Абай көшесі 1	«Ұлытау» газеті №7(6567)	21.02.2026ж	23.02.2026ж	
		Мәдени-сауықтыру орталығы, Жезді к.Құттымбетова көшесі 19	«Ұлытау» газеті №7(6567)	21.02.2026ж	24.02.2026ж	
		Қарсақпай к. мәдениет үйі, Болман к 73	«Ұлытау» газеті №7(6567)	21.02.2026ж	25.02.2026ж	
		Шеңбер а.о мәдениет үйі, Солжағалау көшесі 14	«Ұлытау» газеті №7(6567)	21.02.2026ж	26.02.2026ж	
		Сарысу а.о мәдениет үйі, Сатпаев көшесі 9	«Ұлытау» газеті №7(6567)	21.02.2026ж	27.02.2026ж	
		Қаракеңгір а.о. мәдениет үйі. Орталық көшесі 1	«Ұлытау» газеті №7(6567)	21.02.2026ж	02.03.2026ж	
		Қоскөл а.о мәдениет үйі, Сыздықов көшесі	«Ұлытау» газеті №7(6567)	21.02.2026ж	03.03.2026ж	
		Амангелді а.о мәдениет үйі, Амангелді көшесі 2	«Ұлытау» газеті №7(6567)	21.02.2026ж	04.03.2026ж	
		Борсеңгір а.о мәдениет үйі, Қазақстан көшесі 7	«Ұлытау» газеті №7(6567)	21.02.2026ж	05.03.2026ж	
		Алғабас а.о мәдениет үйі, Берден көшесі 9	«Ұлытау» газеті №7(6567)	21.02.2026ж	06.03.2026ж	

Сағым-бейне

Танымал спортшы, Қазақстанда таеквондо спортының негізін салушы Мұстафа Өзтүрік 1954 жылы Түркияның Қайсері қаласына қарасты Мұсаходжалы ауылында дүниеге келген. Найман тайпасының Байжігіт руынан шыққан. Өз айтуынша : «Ата-бабалары Шығыс Қазақстаннан. Аталары Әлкенбай, Төлебай деген кісілер болған. Олар ел басқарған, би болған азаматтар. Әкесінің аты – Кәбен. Ол кісі кітаптар жазған. Бірақ баспаға шықпаған. Халық әкемді қажы Кәбен деп таниды. Ол балуан болыпты», – дейді спортшы.

Әкесі Кәбеннің екі әйелі болған. Алғашқы жары Мәлікеден ұрпақ болмапты. Содан 1941 жылы Рәзияға есімді қызға үйленеді. Бірақ оның алғашқы екі баласы шетінейді. 1954 жылы Мұстафаны, кейін Ферухан атты қызды өмірге әкеледі. Кәбеннің бәйбішесі Мәлика Мұстафа мен Феруханды өз баласындай жақсы көріп, бауырына басыпты.

Мұстафа әкесінің тағдыры ауыр болғанын, ата-анасының Түркияға жетуі үшін қаншама қиындық көргенін былайша баяндайды: "Әкем Шығыс Қазақстаннан Қытайдың Баркөл деген жеріне орналасыпты. Сол жерден көш басталады. Алтай, Гималай тауларын асып, шөлдерді өтіпті. Жолда мыңдаған қазақ қырылыпты. Олар Тибетті асып, кейбіреуі Үндістан, Пәкістанға барған. Сол жақта қоныстанып, біраз уақыт тұрған. Он шақты жыл тұрған қазақтар да болыпты. Бірақ біздің ауыл онда көп тұрмаған екен. Сөйтіп, Түркияға барған. Түркиялықтар бізді "бауырымыз, қандасымыз" деп, қазақтарға үй, жер беріп, жәрдем көрсеткен".

Екі ананың арасында тел өскен Мұстафаны ешкім бетінен қақпаған. Стамбұлдағы орта мектептердің бірінде білім алған. Кейіннен Тайваньдағы эксперименталды университетті және сол елдегі халықаралық қатынастар университетінің журналистика факультетінде білім алған. Қытайға оқуға түскенде Мұстафа 14 жаста болыпты. Ол қазақ тілінен бөлек, түрік, неміс, жапон, қытай, корей тілдерінде сөйлеген.

Қазақтың «тектіден текті туады, ата жолын қуады» дегені тегін айтылмаған, дейді білетіндер. Мұстафа Өзтүрік әкесі Кәбен 1980 жылы дүниеден өткенде жаны күйзеле отырып өзі сөзін жазып, «Жұлдыздарды тілейсің бе?» атты ән шығарады. Бұл ән уақыт өте келе Түркия қазақтарының сүйікті әндерінің біріне айналды. Бұл әнді танымал музыка маманы, дирижер Нұрлан Бекенов нотаға түсіріп, белгілі әнші Нұрай Танабаевтың орындауында жалпақ жұртқа жария болды.

Оқуын аяқтап Түркияға оралған соң, Ыстамбұл қаласында өзінің алғашқы таеквондо мектебін ашады. Осы мектептен шыққан бірсыпыра шәкірті күні бүгін Түркия спортының әр саласында жоғары қызметтерде жүр. 1987 жылы Мұстафа Германияның Мюнхен қаласына қоныс аударды. Келесі жылы (1988) осы қалада таеквондо мектебін ашады.

«Қателеспесем 1989 жылы Қазақстаннан бір топ адам Германияға сапарлап барады. Олар: И.Тасмағамбетов, С.Әбдірахманов, Т.Жаманқұлов, Д.Жолжақсынов, Т.Теменов, т.б. Бұлар осы сапарда Мұстафамен танысады. Шынын айтқанда, Өзтүріктің Қазақстанға ат басын бұруына себепкер болған да осы адамдар болатын. Сөйтіп, Мұстафа 1990 жылдың басында ат басын атамекенге бұрды. Осы жылдың қазан айында Мюнхендегі таеквондо мектебінің шәкірттерін елімізге алып келді», дейді досы Әбдуақап Қара.

Ол қазақ еліне өзінің үлкен жүрегін әкелді. Сонымен қатар, Қазақстан мен Түркия арасында алғашқы ресми байланыс орнатылуына мұрындық болды. Осы жылдары Өзтүрік және оның қасында Түркияның «Хүрриет» және «Тержұман» атты екі үлкен газетінің тілшілері Ердоған Салғырбойы мен Ирфан Сөзер үшеуі Президенттің қабылдауында болды.

Бұл ресми кездесу Түркия елінде үлкен резонанс тудырады. Кездесу туралы мақаланы



оқыған Түркия елінің басшысы Тұрғыт Өзал өзінің Қазақ еліне баруға аса ынталы екенін айтып, оқиғаға қолдау білдіреді. Нәтижесінде, 1991 жылдың 14–15 наурыз күндері Түркия президенті Тұрғыт Өзал елімізге келеді. Көп кешікпей 1991 жылдың 25–26 қыркүйегінде Қазақстан Президенті де Анадолыға сапарлайды.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Мұстафа Алматыға келіп, таеквондо мектебін ашты. Көптеген шәкірттер тәрбиеленді. Қазақстан таеквондо федерациясының құрылуын ұйымдастырып, өзі соның алғашқы президенті болды. Оның кезінде қазақ таеквондошылары халықаралық жарыстардан жеңіспен оралып жүрді. Бұл күнде елімізде Мұстафа Өзтүрік атындағы таеквондо федерациясы бар, Мұстафаның немере шәкірттері, өзі аманаттаған қаракез қазақ балалары әлем чемпионаттарында жеңімпаз атануда. «Жақсының аты өлмейді» деген осы да.

1994 жылдың күзінде Мұстафа Жезқазған облысына қонақ болып келді, жанында анасы Рәзие, енесі, және жары болды. Күндіз «Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде» спорттық өнер көрсетіп, халықпен кездесу өткізді.

Мұстафаның сөзге шешен артық ауыз сөз қоспай, салмақты жауап беріп отырғаны ұнады. Ойланып сөйлейді екен, ойын бүркелемей тік жеткізеді өте сыпайы әрі өнегелі кездесу болды. Кеш біткен соң облыс әкімінің аппарат жетекшісі Болат досымыз үйіне қонаққа шақырды. Рәзие ана мен құдағиы, Болаттың анасы Күләп апай, Әлиханнның анасы бәрі замандас болып шығып әзілдері жарасып, бұрыннан таныс абысындардай шүйіркелесіп кетті. Әйелдеріміз қонақ күтіп әлек. Үлкендерді төргі бөлмеге жайғастырып, біз қосалқы бөлмеде жігіттер бөлек бас қостық. Қонағымыз – Мұстафа, күтушілер обләкімінің орынбасары – Әлихан, театр және кино актеры – Асылболат, пединституттың кафедра меңгерушісі – Байқоңыр, Болаттың өзі және домбырамен ән салып отырған мен. Мұстафа менің жанымға келіп жайғасты, төрге шығыңыз дегенге, «Жоқ, мен домбыраның қоңыр үнін аңсап келген қазақпын, мен отырған жерді төр деп есептеңдер», – деп сөз тауып кетті. Алдымызға атамыздың асы келіп, сыйлы қонаққа бас тартылып, жамбас ұсынылды. Байқоңыр аға лыпылдатып, жапырақтап ет турауға кірісті. Болат қипақтап, қонаққа «мынаған қалай қарайсыз?» деп шөлмекті көрсетті. Мұстафа бәрімізге барлай бір қарап алды да: «Жігіттер мені құрметтеп жатырсындар ғой, рахмет! Осы Жезқазғанның экологиясы ауыр дейді, оны мына мұржадан будақтаған түтіннен көріп отырмын (Болаттың үйі Кеңгірдің ТЭЦ жаққа қараған жағында болатын) деп терезеге қарады. Сондықтан өкпені тазалау үшін емге 100 грамм ішіндер, сонсоң осы бәлені дастарханға жолатпайықшы, атамыздың асы емес қой», – деді. Біз құп алдық.

Таеквондоның тарланы, жігіттің арланы еді...

Сол күні керемет сыр-сұхбат отырыс болды. Мұстафа менен халық әндерін орындауымды сұрады. Халық әні «Арман-ай»-ды орындадым, қайырмасындағы: «Арман-ай, өтеді-ау дүние жалған-ай!» деген жолын қайталағанда бота көзі жасқа толып кетті. Онысына өзі қысылып, кешірім сұрап, бүкіл бастан кешкен менің тағдырыма арналған ән тәрізді әсер алдым, ғафу еткелсіздер деп мені құшақтап алғысын білдірді. Мен де айқара құшақтап бауырыма бастым. Жон арқасы теп тегіс, жауырыны бұлшық еттің астында қалған, дене бітімі тығыршықтай екен. Есіме Ақтамберді бабамыздың: «Жоны бір жалпақ жотадай, Мойны бір жуан бұқадай. Балуаннан нөкер сайлатып, Күреске салар ма екенбіз», – деген теңеуі түсті.

Өңгіме барысында тақауда бір үлкен ақсақалға сәлем бере барғанын айтты. Қоштасарда төрде отырған ақсақал ақ батасын беріп, орнынан түрегеліп мені шығарып салмақ ниет

байланып қалғандай күйде едім. Баланы өзіме қайтып беріп жатып, «Секе, мен уәдеге берік адаммын», – деді. Алыста өзін күтіп тұрған топқа бара жатып, қайта оралып тағы да «мен уәдеге берік адаммын» деді қайталап. Сол сөзі әлі құлағымнан кетпейді...

Мұстафаның Жезқазғанға келуі. Өнер көрсетуі. Біздің Болаттың үйінде алғаш жүздесуіміз. Менің өнерімді бағалап, маған өзіңдей азаматпен құда болғым келеді! – дегені зор мәртебе еді. Міне, 70-ке де жақындадық, жұбайымыз екеуіміз сол сәтті сағынышпен әлі еске аламыз, мың жылда бір туар азаматпен «жүрегімізде құдамыз»!

Ауызын ашса жүрегі көрінетін, ұлтжанды қазақтың елім деп туған есіл азаматы белгісіз жағдайда 1995 жылы наурыз айының 15-і күні Алматы қаласында қайғылы қазаға ұшырап, денесін анасы Ыстамбұлға апарып жерледі. Осы естелікті жазып отырғанымда офиске әлемді жаяу шарлап жүрген атақты жиһангез, таяуда ғана 75 жасқа толған Сәрсенбай ағам



танытты. Мен: «Ақсақал рахмет, ақ батаңызға! «Қазақта үйдің құты ақсақалда» деген мақал бар сіз орныңыздан қозғалмаңыз құтыңыз баянды болсын! деп қоштасып шығып кеттім», – деді. Біз жас та болса шетте жүріп, қазақтың салт-дәстүрін қатты бағалайтына тәнті болдық. Қазір ойласам, сол кезде ол бар болғаны 40 жаста ғана екен.

Сол жолы Әлихан «Жезқазған, Жәйрем қалаларынан таеквондо мектептері ашылуға, осы мектептердің біріне өз есіміңізді берсек қалай қарайсыз?», – деді. «Әлеке, ондайға мен үзілді-кесілді қарсымын. Мен арзан атақ жинау үшін жүргенім жоқ. Оның өз кезегі, уақыты келер», – деді сабырмен. Сонсоң, «бұл мектептерге өзіміздің қаракездерді ғана алындар, болашақта ұлтымыздың рухын оятатын солар болады» деген сөзі есімде қалды.

Ертеңіне кездесу С.Қожамқұлов атындағы қазақ драма театрында болды. Көруге жануа-мызбен бардық қолымда кішкентай қызым бар. Кеш керемет өтті, кеш соңында есік алдында тұр едік, Мұстафа театрдан шығып бізге қарай беттеді, қолымдағы көзі қарақаттай қызымды көріп, есімі кім деді, мен Индира дедім. «Пау!» деп, Индираны қолына алып, кеудесіне басып, маған қарап «Секе менің ұлым бар, екеуіміз құда болайық?!», – деді. Ол осы сөзді үш рет қайталады. Мен «бұрын кішкентай балаға құда түскенді естімеген басым, онда да Мұстафадан естуім басында абдырап не жауап берімді білмей, үшінші қайталағанда есімді жиып басымды ізесем керек. Сөзден тосылып қалғанымды жанымдағы жарым өңімнен байқап: «Неге бір ауыз тіл қатпадыңыз», – деді. Шынында тілім

кіріп келді. Мен біртуар тұлға Мұстафа досым жайлы естелік жазып отырмын дедім.

– Ә, онда менің де қосарым бар, жаз деді: «2023 жылы Түркия мемлекетіне жаяу барғанымда Ыстамбұлға Мұстафа Өзтүріктің басына арнайы барып, құран бағыштадым. Әкесінің жанында жерленіпті жарықтық! Сол жерде Мұстафаға түрік бауырларымыз шағын саябақ жасап қойыпты. Олар қатты құрметтейді екен, керемет сүйсіндім!» – деді.

Ия, Мұстафа бақилық болғалы 30 жыл болыпты. Туған жұртына адами қасиеттерімен танымал болған Мұстафа Өзтүрікті халқы ешқашан ұмытқан емес. Оның дәлелі: 2000 жылы Иманғали Алматы қаласында атына көше беріп, ескерткіш тақта қойғызды. 2004 жылы 50 жасқа толған мерейтойы қарсаңында Алматы облысы Талғар ауданы Бесағаш ауылында ескерткіші ашылса, 60 жылдық мерейтойы 2014 жылы Астана қаласында аталып өтті. Міне, осындай азамат ердің 70 жылдығы өткен жылы елеусіз өте шықты. Ал, біздер елім, туғандарым, бауырларым деп арнайы аңсап келіп, ақсақалдардан бата алып, облыста өнерін көрсетіп, таеквондо мектебін ашып кеткен Мұстафа Өзтүрік бауырымызға қандай құрмет көрсете алдық?! Облыстық спорт басқармасы еске алу турнирін өткізуге де жарамады. Жаның жаннатта болғай асыл азамат, тау тұлға арысым!

Серік ОСПАН,
өнер зерттеуші,
Қазақстанның еңбек сіңірген өртісі,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Жемқорлық індет – жою міндет

Сыбайлас жемқорлық – болашағымызға қауіп

Сыбайлас жемқорлық – бүгінгі қоғамның ең өзекті мәселелерінің бірі. Бұл – пара беру, пара алу, таныстықпен жұмысқа тұру, заңсыз шешім шығару сияқты әділетсіз әрекеттер. Осындай қадамдар елдің дамуын тежейді, халықтың билікке деген сенімін азайтады. Әрбір қазақстандық адал өмір сүргісі келеді. Әділ заң жұмыс істесе, ешкім артықшылыққа ие болмаса, халық та әділдікке сенеді. Бірақ, өкінішке қарай, кейде кейбір азаматтар «бәрін парамен шешуге болады» деген оймен әрекет етеді. Бұл – өте қауіпті түсінік.

Мемлекетіміз сыбайлас жемқорлықпен күрес жолында көптеген шаралар қабылдап жатыр. Заң күшейтілуде, мемлекеттік қызметшілердің жұмысы қадағалануда. Бірақ, бұл жеткіліксіз. Себебі, сыбайлас жемқорлықпен күрес – тек мемлекетке емес, әр адамға байланысты.

Ал, біз не істей аламыз? Осыны сіздерге түсіндіре кетейік. Егер, біреу сізден заңсыз түрде ақша талап етсе, үндемей кетпей,

тиісті орындарға хабарлаңыз. Қызметті парасыз алуға тырысыңыз – бұл сіздің заңды құқығыңыз екенін біліңіз.

Тағы бір айта кетерлігі, балаларымызды адалдық пен әділдікке тәрбиелеңіз. Өзіміз де күнделікті өмірде шыншыл болуға тырысайық. Сыбайлас жемқорлық тек жоғарыда емес, күнделікті өмірде де басталады. Біреуді жұмысқа «таныс арқылы кіргізу», емтиханды ақша беріп тапсыру,



кезексіз өту – бұлардың бәрі де әділетсіздікке жол ашады. Осындай, ұсақ-түйектен басталған парақорлық кейін үлкен жүйелік мәселеге айналатынын ұмытпағаныңыз жөн.

Өйткені, болашақ – адал қоғамның қолында. Еліміздің ертеңі – бізге, яғни қарапайым халыққа байланысты. Егер, әр азамат заңды құрметтесе, адал еңбек етсе, болашақта әділ әрі дамыған мемлекетте өмір сүретін боламыз. Сыбайлас жемқорлықсыз қоғам – бұл жай арман емес, бұл – біздің ортақ мақсатымыз. Сондықтан, бірге болайық, әділ болайық, парасыз болашақты бірге құрайық!

**ҚР АШМ АӨК МИК
«Ұлытау аудандық
аумақтық инспекциясы» ММ**

Сыбайлас жемқорлықпен күресу, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері қазіргі таңда саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдерге ортақ.

Жемқорлық – қоғам дерті


Бүгінде Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілген, сыбайлас жемқорлықты жою және оның көріністерін болдырмау жөнінде қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ауқымды науқан жүргізілуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа тезбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзіреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар, оны жоюға, онымен күресуге талпынуы. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз, ол жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда еске-лең ұрпақпен жұмыс қағидатты маңызды рөл атқарады. Тек, жас кезінен мінез-құлықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын енгізу бұл әлеуметтік зұлымдықты жоюға мүмкіндік береді. Бала кезінен тұлғаны Қазақстандық патриотизм және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу маңызды болмақ. Талай сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар азаматтардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асырған кездегі құқықтық сауаттылығы әлсіздігінің салдары. Осыған байланысты, халық арасында кең ауқымды түсіндіру жұмысы, олардың жасын, кәсібі және өзге де ерекшеліктерін ескере отырып, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру жөніндегі жүйе қалыптасуы тиіс.

**«Ұлытау» мемлекеттік
ұлттық табиғи паркі» РММ**

Қоғам. Адам. Заң

«Тұрмыс» профилактикалық іс-шарасы өтуде



Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің тапсырмасына сәйкес, 2026 жылдың ақпан айының 15-22

күндері аралығында республика аумағында отбасы – тұрмыстық қатынастар саласындағы қылмыстар санының жө-

не алкогольдік мас күйде жасалған қылмыстар саны өскені байқалады. Осы ретте, облыс аумағында криминагендік жағдайды сауықтыру және отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында аудан аумағында республикалық «Тұрмыс» профилактикалық жедел алдын алу іс-шарасы өткізілуде.

Іс-шараның негізгі мақсаты – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жолын кесу, отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ, қауіп-қатер тобындағы отбасылармен профилактикалық жұмыстар жүргізу болды.

Іс-шара барысында полиция қызметкерлері есепте тұрған тұлғаларды, бұрын құқық бұзушылық жасаған азаматтарды және қолайсыз отбасылардың тұрғылықты мекен-жайын арнайы тексерді. Сонымен қатар, қорғау нұсқамаларының сақталуы, ерекше талаптар белгіленген тұлғалардың мінез-құлқы бақылауға алынатын болады.

Отбасындағы зорлық-зомбылық – бұл тұрмыстық мәселе емес, ауыр қылмыс екенін еске салғымыз келеді. Сондықтан, заңды бұзған әрбір адам міндетті түрде жауапкершілікке тартылатынын ескертеміз.

Егер, Сіздің немесе жақындарыңыздың арасында осындай жағдайлар болып жатса,

«102» – полиция қызметі мен «111» – сенім телефондарына хабар беріңіздер. Ондай жағдайды көріп тұрып, үндемей қалмаңыз, қорықпаңыз. Көмек сұраңыз. Қорғау – сіздің заңмен бекітілген құқығыңыз.

**Асылзат ЖАНБЫРШИЕВА,
Ұлытау ауданы полиция бөлімі
қоғамдық қауіпсіздік
бөлімшесінің
өйелдерді зорлық-зомбылықтан
қорғау тобының инспекторы,
полиция капитаны.**

Байқау

Аймақтық «Жүрсін ақын оқулары» байқауы

Күні кеше Ұлытау ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ғимаратында қазақ руханиятының абызы, айтыс өнерінің реформаторы, ақын, журналист, Жүрсін Ерманның 75 жас мерейтойына орай, жырға құмар жастар арасында «Қара өлеңнің қазығы, Ұлытаудың абызы» атты аймақтық Жүрсін Ерман оқулары өтті.

Қайрат ЖҰМАБАЙ

Әдеби кештің ашылу салтанатына Ұлытау ауданының әкімі Аманжол Мырзабеков қатысты. Әкім жас буынның әдебиетке деген қызығушылығын жоғары бағалап, жастарға сәттілік тіледі. Бәсекелі сында аймақтың 14-29 жас аралығындағы 19 үміткері бақ таластырды. Олар байқау талабы бойынша екі кезеңде сынға түсті. Алғашқы кезеңде ақынның екі өлеңін мәнерлеп оқыды. Осы кезеңде сайыскерлер Жүрсін өлеңдерін нақышына келтіре оқып, бірінен – бірі асып-түсіп жатты. Қазыларда байқау шартын бұлжытпай орындауға ты-



рысты. Әр қатысушының оқу мәнеріне, әртістік шеберлігіне, сахна мәдениетіне байыппен қарап, сын сарабынан өткізді.

Бұдан кейін аймақтың үкілі үміттері екінші кезеңге ойысып, ақын өлеңдерін жатқа оқудан бақ сынасты. Бұл жолғы кезеңнің жүгі алдыңғы сайысқа қарағанда,

анағұрлым салмақтылау болды. Оны қатысушы тарапта жүрекпен сезінген сыңайлы. Бар өнерлерін ортаға салып, өлеңді жатқа, мүдірмей айтуға тырысты. Мейлінше, Жүрсін өлеңдерін әсерлі етіп жеткізуге ұмтылып-ақ бақты. Десек те, байқаудың аты-байқау. Біреуі – жеңіске жетіп, бағы

жанып жатса, екіншісі жеңіліп, көңілі қабаржу тартатыны – табиғи заңдылық. Өйткені, байқау жүзден жүйрік шығаратын дүбірлі дода. Шын талант осындайда танылады. Бойындағы өнері шындалады. Осы сияқты, байқаулар жастардың қарым қабілетінің өсіп-жетілуіне оң әсер етеді.

Байқауға облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының бөлім басшысы Данагүл Алшынбаева, ақын, жазушы, Қазақстанның Құрметті журналисі Батырбек Мырзабеков, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, айтыстың ақтаңгері, ақын Мұқаш Сейтқазин, Ұлытау аудандық мәслихатының төрағасы, ақын Ахат Құрмансейітов, өнер жанашыры Жарқынбек Бөлендин төрелік етті.

Сонымен, байқаудың үшінші орны жезқазғандық Гауһар Абдулмәлік пен Жүрсіннің туған ауылынан келген Құрал Ерасылға бұйырды. Екеуіне де 100 мың теңгенің сертификаты берілді. Екінші орынның 150 мың теңгелік сертификатын жезділік Сара Ерлан еншіледі. Бірінші орынға тігілген 180 мың теңгенің сертификатын қарсақбайлық Дархан Есенбаев жеңіп алды. Бас жүлденің 200 мың теңгелік сертификаты қарсыластарынан оқ бойы озық келген ұлытаулық Айжан Бимағанбетоваға табысталды.

Байқау соңында басқа да қатысушыларға Алғыс хаттармен бірге, 50 мың теңге көлемінде ақшалай сыйақылар берілді.

Жалпы, Жүрсін оқулары жақсы өтті.

Мерей

Ардагер кітапханашы – құрмет құшағында

Жақында Ұлытау аудандық орталық кітапхана ұжымының ұйымдастыруымен кітапхана саласының ардагері Балымша Жарасбаеваның 90 жас мерейтойына орай «Кітапханаға арналған ғұмыр» атты бенефис кеші өтті.

Рухани шара саналы ғұмырын кітапхана ісіне арнаған бірнеше ұрпақтың рухани дамуына елеулі үлес қосқан ардагер кітапханашының еңбек жолы мен өнегелі өмірін жас ұрпаққа үлгі ету мақсатында ұйымдастырылды. Кеш барысында мерейтой иесінің өмір жолы мен еңбек қызметі таныстырылып, арнайы бейнекөрсетілімдер мен бейнеқұттықтаулар ұсынылды.

Мазмұнды шарада ауыл еңбеккерлері мен ауыл шару-



ашылығы салалық кәсіподағының Ұлытау облысы бойынша филиалының төрағасы Мақсұт Сәрсенбайұлы құттықтау сөз сөйлеп, мерейтой иесіне «Құр-

метті ардагер» медалін табыс етті. Сонымен бірге «Аманат» партиясы Ұлытау аудандық филиалының атқарушы хатшысы Думан Жұманов, аудандық мәс-

лихаттың депутаттары Марфуға Әбілдина мен Гүлдана Асанханова құттықтау лебіздерін білдіріп, «Аманат» партиясы атынан Алғыс хат пен сыйлықтарды

табыстады. Сонымен қатар, мерейтой иесінің замандастары, әріптестері, ауылдастары, сыныптастары, туыстары және отбасы мүшелері құттықтау сөз сөйлеп, есті естеліктерімен бөлісті.

Бұдан кейін аудандық мәдениет үйінің әншілері Рашит Жолдасбек пен Гүлмира Сыздықова ән салып, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Кеш соңында Ұлытау ауданының Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Нұрлан Қасымбеков пен аудандық орталық кітапхананың директоры Салтанат Ниязова мерейтой иесіне лайықты құрмет көрсетіп, сый-сияпат жасады.

Бакыткул БЕЙБУТОВА,
Ұлытау аудандық орталық кітапханасының оқу залы кітапханашысы.

Директор
Жалғасқан ҚҰРМАНСЕЙІТОВ



«Ұлытау аудандық
«Ұлытау» газеті редакциясы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редактордың міндетін атқарушы
Қайрат ЖҰМАБАЙ

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: инд: 200006
Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы,
Ұлытау селосы,
Абай көшесі, 22-үй.
Тел: 2-13-72; 2-11-22
эл.пошта: ulytau-oniri@mail.ru

Газетте жарияланған мақала
авторларының пікірі редакцияның
көзқарасына сәйкес келе бермейді.

Газетке Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат
комитетінің Мәжіліс баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды
есепке қою туралы 04.02.2022 жылы №КЗ80VPY00045634 куәлігі берілген.

Газет «Ұлытау» редакциясының компьютер орталығында беттеліп, Қарағанды қаласындағы
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Сәтбаев көшесі, 15 үй.

Хабарландыру мен құттықтаулардың
мазмұнына редакция жауап бермейді.
Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады,
Таралымы – 1000 дана
Көлемі – 4 баспатабақ
Тапсырыс – 7